

көркемдік ерекшелігімен байланысты. Ю.Н.Карауловтың бұл бағыттағы еңбегі орыс тілі материалдарының негізінде талданған.

Сондықтан тілдік тұлға тұрғысынан келгенде қазақы тілдің байлығы, сөз қолданысының ерекшелігі біршама жеткілікті Т.Әбдіков шығармаларын, оның шығармаларының тілін зерттеу орынды деп білеміз. Мысалы: Басқа рудың шашау шыққан малын конпескілеп қана қоймай, жанында сіңіріп кеткісі келіп, жаланып отырған қазақ аз емес [2,167] деген сөйлемді алып қарасақ, сөйлемнің өн бойынан қазақ тіршілігіне тән түсінік аңғарылады. Бір ғана осы сөйлемнің өзінен ру, шашау шыққан мал, малын емес, жанын да сіңіру, жаланып отырған қазақ секілді сөздер мен сөз тіркестерінің әрқайсысы белгілі бір деңгейде жазушыға тән шеберлік негізінде жасалып, үйлесімді қолданылып, жазушы шеберлігін ғана емес, ұлт тілінің мүмкіндігін айқындап тұр. Әрі қарастырып отырған сөйлемнің өн бойы тіркестердің нәтижесінде көркемдік жағынан шығарма тіліне лайық болып тұр. Олай болмағанда жұтаң сөйлемдер көркем шығарманың тіліндегі көркемдікті қалыптастыра алмаған, оқырман не тыңдаушы тарапынан шығарманың өз бағасын алуына, оқырманның шығармадан өзіндік белгілі бір әсер алуына ұйтқы бола алмаған болар еді. Ал мұндай сөйлемдердің Төлен Әбдіков шығармаларынан қаншамасын келтіруге болатыны белгілі. Дүниетанымдық ұлттық лексикаға байланысты екендігінің бір ерекшелігі – олардың көркем шығарма тілінің көркемдігі сол ұлт тіліндегі лексикалық байланысты барынша және орынды қолданудың негізінде ғана көркемдік талапқа сай, әсерлі болуы көркем шығарманың тілінен алынған нақты мысалдармен дәлелденеді. Осы тұрғыдан келгенде, дүниетанымдық лексика көркемдік мәнді ажарлап тұратын ұлттың ойлау ерекшелігін жеткізетін көркем тілдік элемент ретінде анықталады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М. «Прогресс», 2000. – 400 с.
2. Әбдіқұлы Т. Әке. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: «Қайнар», 2005.

**Оразхан Айкенже**

«Bolashaq» Академиясы қазақ тілі мен әдебиеті білім беру  
бағдарламасының 4-курс студенті  
[aikenzheorazkhan@gmail.com](mailto:aikenzheorazkhan@gmail.com)

*Ғылыми жетекші:*

*Абрахманов Рүстем Хасенұлы*

*«Bolashaq» Академиясы қазақ тілі мен әдебиеті  
кафедрасының доценті, п.ғ.м.*

**АУДАРМА ҮДЕРІСІНДЕГІ КӨПТІК ТҮЛҒА МЕН КӨПТІК МАҒЫНА МӘСЕЛЕСІ**

Мақалада қазақ тілінің көптік жалғау мәселесіне қатысты бірқатар ерекшеліктері айтылып, қазіргі уақытта аударма үдерісінде жіберілетін қателіктерге талдау жасалған.

**Тірек сөздер:** аударма, калька, көптік тұлға, көптік мағына, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тәсіл, лексика-грамматикалық норма.

Қазіргі таңда елімізде аударма үдерісінің басым бөлігі ресми тілден мемлекеттік тілге жүреді. Орыс тілінің әсерінен ана тіліміздің заңдылығын бұзып жазып жүргеніміз өкінішті. Мәселе тіпті тіл заңдылығын бұзу емес, оны мүлде байқамауымызда, қате деп санамауымызда. Соның әсерінен тіліміз өзінің әуезділігін, тазалығын жоғалтып, құрдымға кетіп бара жатқандай. Қазақ тілінде тұлғасы сақталмай айтылып та, жазылып та жүрген категориялардың бірі – көптік категориясы. Тілімізде көптік категориясы – лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тәсіл арқылы беріледі. Алайда көптік мағына лексикалық және

синтаксистік тәсілмен берілетін сөздерге морфологиялық тәсілді қосып қолданамыз. Бұл – өрескел қателік.

Көптік жалғауы жалғанбаған сөзді арнайы грамматикалық көрсеткіші болмағандықтан әлбетте жекеше тұлғада айтылған сөз деп ұғамыз. Бірақ бұдан тіліміздегі көптік жалғауы жалғанбаған сөздің ешбіреуі көптік мағынаны білдіре алмайды екен деген қорытынды шықпайды. Қайта жекеше тұлғада тұрған сөздің лексикалық мағынасына үңіліңкірей қарау-олардың бәрінің бірдей әр кез жекешелік мәнді аңғарта бермейтіндігін көрсетеді. Мысалы: бұл жігіт – жігіттің төресі деген сөйлемді алатын болсақ, біріне-бірі жете тұрған екі дүркін қайталап келетін жігіт және жігіттің деген бір ғана зат есімнің осы екі жағдайдың әрқайсысында жекеше, көпше тұрғыдан әр басқа мағынаны білдіретінін байқаймыз. Алғашқы жағдайда жігіт сөзінен сөйлеушінің бұл пікірді өзінің көз алдындағы нақтылы бір ғана жігіт туралы айтып тұрғаны сезілетін болса, кейінгі жағдайдағы жігіт сөзінен бір ғана жігіт емес, жалпы жігіт біткен, жігіт атаулы деген түсінік туады. Ауызекі сөйлеуде, жазған кезде дара бір нәрсені, құбылысты оған ұқсас, тектес сөзге нәрселер мен құбылыстардан бөліп көрсету қажет болған ыңғайда, зат есімдердің алдына ол кісі, бұл үй, мына қол, ана бала деген тәрізді ретпен сілтеу есімдіктерін қосып отырғанымыздың сыры да осында жатыр.

Затты жеке-даралап атамай, оның жиынын тобымен атайтын зат есімдер көптік мәнді есімдер деп аталады. Көптік мәнді есімдер зат есімнің басқа топтарынан мағыналық және грамматикалық сипаты тұрғысынан ерекшеленеді. Олардың мағыналық ерекшелігі түпкі табиғи қалпында тұрып-ақ көптік мағына білдіруімен айқындалса, грамматикалық ерекшелігі, белгілі бір стильдік мақсатта болмаса, негізінен, көптік жалғауын қабылдамау сипатымен айқындалады [2, 32]. Бұндай сөздерді А. Ысқақов былай жіктейді: Мұндай сөздерге жеке-даралап санауға (есептеуге) келмейтін заттардың аттары (*су, сүт, сорпа, қымыз, тұз, ұн, жарма, жүн* т. б.), ру, халық, ұлт, ел аттары (*қазақ, қырғыз, өзбек, тәжік, орыс, белорус, украин, француз, қыпшаң, найман, үйсін* т.б.), әр қилы жәндіктер, аң, хайуанат аттары (*көбелек, құрт-құмырсқа, шіркей, қоңыз, түлкі, қой, қоян* т. б.), өсімдік аттары (*шөп, арпа, сұлы, көде, жусан, мақта, бидай, тары* т. б.), қоғамдық өмірдегі әр алуан әлеуметтік ұғымдардың аттары (*социализм, коммунизм, капитализм, феодализм, дін, мәдениет, әдебиет, астрономия, ботаника* т.б.), адамның ішкі құбылыстарының, дүниедегі сын-сипаттардың, іс-әрекеттердің, күй-жайлардың аттары (*алданыш, ермек, қуаныш, ақыл, достық, ізгілік, кәрілік, жалқау-лық, білгірлік, түс, еріншектік, жүріс* т.б.) жатады [3, 40]. Көптік ұғымды осылайша сөздің тікелей өз лексикалық мағынасы арқылы білдіру лексикалық тәсіл деп аталады.

Зат есім сан есіммен тіркесіп келсе көптік жалғауын қабылдамайды. Себебі онсызда берілген объектінің саны көрсетіліп, көп екені белгілі болып тұрады.

Сондай-ақ, барлық, бірсыпыра, қыруар, барша, күллі, біраз, бірнеше, бірталай, т.б. секілді жалпылауыш мәнді сөздермен тіркесіп келсе, қосымша жалғамай-ақ көптік мағынаны білдіреді.

Көптік ұғымдардың осылайша сөз (синтаксистік) тіркестері арқылы берілетін жолы синтаксистік тәсіл деп аталады. Сөздердің қосарлануы арқылы да жинақтау, топтау, жалпылау ұғымдары айтылатыны мәлім. Мысалы: бала-шаға, қатын-қалаш, кәрі-жас, ата-ана, жора-жолдас, ыдыс-аяқ, қазан-ошақ, ас-ауқат, туған-туысқан, көрші-қолаң, т.б. Қос сөздер синтаксистік тәсіл арқылы туған күрделі сөздер болғандықтан, олардың көптік ұғымды білдіруін лексика-синтаксистік тәсіл деп атауға болады [3, 40].

Сөздердің қосымша жалғану арқылы көптік мағына білдіру жолын морфологиялық тәсіл дейміз. Көптік жалғау дегенде бірден еске түсетін -лар, (-лер, -дар, -дер, -тар, -тер) формасы. Жалпы, қазақ тілінде көптік мағынаны қосымша арқылы берілуіне байланысты әр түрлі пікірлер айтылған. Мысалы Г.О.Сыздықованың «Қазіргі қазақ тілі морфологиясы» еңбегінде: «Түркі тілдерінде, чуваш тілінен басқа, заттар мен құбылыстардың көптігін білдіру үшін көптік жалғауы кеңінен қолданылады. Бірақ түркі тілдерінің деректеріне сүйенсек, көне замандарда көптік ұғымы басқаша берілген. Түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде

көптік жалғауының кеңінен қолданылатын -лар қосымшасы жинақтау мәнді көне -л, -р немесе -з (-ыз, -із) көрсеткіштерінің контаминациясы нәтижесінде пайда болған деп түсіндірілді» [2, 39].

Аталған еңбекте тағы мынадай түсініктемелер беріледі: «Ғалым Ы.Маманов көптік жалғауының көптік форма жасаудың бірден-бір көрсеткіші екендігін, тілде басқа көрсеткіштер грамматикалық көптік форма көрсеткіші бола алмайтындығын көрсетіп, соның негізінде көптік формасының контекске байланысты негізгі көптік мағынадан басқа, жанама, қосалқы мағыналарды, атап айтқанда, жалқы есімдер мен туыс атауларына жалғанып, бір адамның тобы (әкемдер, Мараттар, т.б.), ортақтық мағына (сіздердің орындарыңыз, достардың әзілі, т.б.), болжалдық (жетілер, ондар, ертендері, т.б.), жас мөлшері (он сегіздерде, алпыстарда, т.б.), т.б. мағына білдіретіндігін айтады [2, 39-40].

А.Ысқақов көптік ұғымды білдіретін үш морфологиялық форма: -ыз (-із, -з) формасы, -к (-к) формасы, -лар (-лер, -дар, -дер, -тар, -тер) формасы деп атай келе олардың әрқайсысына тоқталып түсіндіріп, мысал беріп өтеді. Көптік жалғаудың грамматикалық қызметіне қарай семантикалық мағынасы мен стилистикалық рөлін сипаттап ашып атап береді [3, 40-42].

Аударма үдерісінде көптік жалғауын қолданудағы грамматикалық ерекшеліктерді ескеру қажет. Сөйлемде бірыңғай мүшелерге көптік қосымшасы жалғану керек болса, олардың әрқайсысына түсірілмей жалғануы мүмкін немесе бірыңғай мүшелердің бұрынғыларына жалғанбай тек соңғысына жалғанады да қалғандары сол соңғы мүшенің жалғауына ортақтасады.

Сөйлемнің бастауышы жіктеу есімдігінің екінші жағының анайы, сыпайы түрлерінің көпше формаларында және жалпылау есімдігінің екінші жағында тұрса, етіс- тіктің жіктелетін формаларының екінші жағында тұра- тын баяндауыштар да көптік формада бастауыштармен қиысып жұмсалады. Сонымен қатар, бір сөзде бірнеше жалғау қабаттасып келгенде, көптік жалғау, әдетте, орын жағынан өзге жалғаулардың бәрінен де (тәуелдік, септік, жіктік) бұрын, тікелей түбірден я негізден (туынды түбірден) соң жалғанады [3, 46-47]. Күнделікті сөйлеу тілімізде біз бұл тіл заңдылықтарына аса мән бермейміз, жазуда да көп қателік жіберіп жатамыз. Алайда ұлттың сүйер азамат ретінде ана тіліміздің ерекшеліктері мен ережелеріне назар аудару керек деп санаймын.

Қазіргі тіліміздегі көптік тұлғаның тіл заңдылығындағы тұрақты, қалыпты мағыналық, тілдік көрінісі кеңейген. Бұл құбылыстың алғашқы нышандарын ғылыми әдебиеттің алғашқы үлгілері саналатын ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы нұсқалар мен тұңғыш қазақ газеттерінде жарияланған ғылымға қатысты алғашқы материалдардың тілінен де көптеп кездестіруге болады. Тілімізде көптік тұлғаны қолданудың мынадай ерекшелік белгілері айқындалады: ресми, ғылыми стильдің мазмұндық-стильдік ерекшеліктеріне қарай қызметінің кеңеюі және қазақ тілінің құрылымдық қалыпты нормаларына қайшы келетін, стильдік жүгі жоқ сөзбе-сөз(калька) аудармалардың болуы. Соңғы жайт қазақ әдеби тілінің лексика-грамматикалық нормасы талаптары тұрғысынан мұқият қадағалап отыруды қажет етеді. Себебі әдеби нормадан жөнсіз ауытқу тіліміздің бітім- тұлғасының өзіндік ерекшеліктеріне нұқсан келтіреді.

Мемлекет ісінің көркеюіне кері ықпалын тигізетін бір жайт ретінде Сейдін Бизақов аударма ісін айтады. Күнделікті құжаттар алдымен орысша толтырылып, екінші кезекте қазақшалаанады. Орыс тілінен сөзбе-сөз аударудың салдарынан орашолақ сөйлемдермен қазақ тілінің қаймағын бұзу белең алып отыр. Бұндай аудармалар жасөспірімдерді тіл мәдениетіне тәрбиелеуде кері әсерін тигізетіні анық. Ұлттық ұғымға жауапкершілікпен қарап, әдеби тілдің өз заңдылығы мен табиғатына үніліп, даму ерекшелігі мен стильдік тармақтарын ескергенде ғана ана тіліміздің қадір-қасиетін кетірмей, ажарынан айырмай дәл аударма жасай аламыз [4, 322]. Қазақ тілі мен орыс тілі әр басқа жүйеге жататын, мүлде туыстығы жоқ тілдер. Тарихи оқиғалардан неліктен орыс тіліне тәуелді болып қалдық дегенге жауап іздей аламыз. Орыс тілінің ықпалынан шығып, мемлекеттік тіліміздің толыққанды орнығуы уақыт

көрсеткіші. Бұл процесте аударма ісі де елеулі орын алатыны мәлім. Сондықтан орыс тілі мен қазақ тілінің ерекшеліктеріне назар аударайық.

Қазақ тілінің орыс тілінен басты бір ерекшелігі – көпше мағынаның өте сирек қолданылуы. Бірінші бөлімде айтылған лексикалық тәсілге сай келеді, мысалы, қазақша қолдарым тимеді, аяқтары ауырды, көздері көрмей қалды, өкпелері қабынды, үйлер салып жүр деп көптік жалғауын қосып айта қоймайды. Қол, аяқ, көз, өкпе, үй онсыз да көптік мағынаны білдіріп тұр. Ал орысша бұл сөздер көпше түрде қолданылады. Тек сирек жағдайда оқиғаға қатысушының көп екенін білдіру мақсатында көптік жалғауы қолданылатыны рас: «істерің іс емес», «биылғы табыстарың таудай болды», «өнерлерің өрлей берсін», «жұмыстарыңда шикілік көп».

Көптік жалғаулы сөздерді сөзбе-сөз аударғандықтан, сөйлемнің ұйқасымы солғын, кедір-бұдырынан аяқ алып жүре алмайтындай, ұғымға ауыр. Өйткені орыс тілінде өте жиі қолданылатын көптік форманың қазақ тілі үшін қажетсіз болатын кезінің аз еместігін ескермейміз [4, 324].

Ұлттық санаға елеулі әсер ететін факторлардың бірі – БАҚ. Оның ішінде газет-журналдар мен телехабарлардан жарияланатын материалдар қазақ жазылып (қолданылып) тұрған тілдің ережесі мен заңдылықтарына бағынуы керек. Көптік жалғауына байланысты «Егемен Қазақстан» газетінен алынған бірнеше мысалдарға назар аударайық:

«Алайда Орталық референдум комиссиясы *түзетулердің* мән-мағынасы және *олардың* салдары туралы *сайлаушыларға* түсіндіру *жұмыстары* үшін жауапты болған жоқ. Бұл міндет бірқатар мемлекеттік органға бөліп берілді. Бұл *органдардың* бірде-біреуі *сайлаушыларға* конституциялық *түзетулердің* артықшылықтары туралы еркін пікір қалыптастыратындай теңдестірілген және бейтарап ақпарат бере алған жоқ...» [5].

«Көрмеге әлемнің әр түкпірінен аграршылар, ғалымдар, бизнесмендер, шенеуніктер, сарапшылар, инвесторлар, импорттаушылар мен экспорттаушылар келді. Жиыны 20-дан аса елдің сала мамандары және 300-ге тарта компания *өкілдері* бас қосты. Олардың барлығы серіктестерді, одан әрі транзакциялар үшін байланыстарды, жаңа шешімдер мен технологияларды, құралдарды, идеяларды және ынтымақтастықтың жаңа жолдарын іздеді» [5]. Берілген екі үзіндіні жік-жігімен талдап көрсету менің құзыреттілігімдегі іс емес. Калькаланған тілге уланған жас буын ретінде менің сөйлемдерде заңдылықтың сақталмағанын түсініп тұрсам да дөп басып дұрысын айта алмайтыным өкінішті.

«Бұл әзірлемелер азаматтарымыздың қызметтерді тез және кедергісіз алу процесін жүзеге асыруға көмектеседі» [5]. Көрсетілген сөйлемнің алдында қандай әзірleme дайындалғаны аталып өтілгендіктен, бұл сөйлемде әзірleme деген сөзге көптік жалғауы керек емес секілді. Себебі контексте әзірlemenің бірнешеуі екені көрсетілген. Азаматтарымыз сөзінде қосымша артық секілді. Көптік жалғауы мен ортақ тәуелдеудің бірінші жағының жалғауы бір сөзде қабаттасып келуі, естілуі жағынан да жайсыз. Абзалы азаматтардың деп қана айтылуы керек. Қызметтер сөзінде де көптік жалғауды артық санаймын. Қарап отырсақ тілді өзіміз түсінуге қиындатып күрделендіріп алғандаймыз.

Кез келген мәтінді қазақ тіліне тәржімелегенде ана тіліміздің заңдылықтарын ескеру керек. Бұл тек көптік мәнді тұлғаға байланысты дүние емес. Әуезді, әсем тілімізді сақтап қалудың жолы – түгел тілдің лексика-семантикалық, грамматикалық ерекшеліктеріне мән беру. Күнделікті айтып жүрген сөздеріміз, сөйлем құрылысы, реттілігі қаншалықты дұрыс деген мәселеге біз назар аударма бермейміз. Еститін, оқитын ақпаратымыз бізге сондай бағыт беретіндей. БАҚ тілі, оқулықтар, әлеуметтік желі, сүйікті телесериалымыз барлығы да орыс тілінің әсерінен орашалақтанып қазақ тілінің нағыз бейнесін жоғалтып бара жатқандай. Бұл тұста Тахауи Ахтановтың: «Қазақ тілі өз табиғатынан айырылып, төл тілге емес, аударма тілге айналып бара жатқанын байқамайсыздар ма?» [4, 322] деп алаңдауына негіз барын түсінуге болады.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Жұмабекова А.Қ. Аударматанудың негіздері. Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2015. – Б.288.
- 2 Сыздықова Г.О. Қазіргі қазақ тілі морфологиясы: Оқулық. – Алматы, 2012. – Б.160.
- 3 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – 2-басылымы. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б.384.
- 4 Бизақов С. Қазақ тілі қандай тіл? – Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. – Б.432.
- 5 Егемен Қазақстан – Ege men Qazaqstan

### Муратова Аяулым Оралқызы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты  
"Bolashaq" академиясы, Қарағанды қ.

*Ғылыми жетекші:*

*Сембиев Құрманғазы Зәкірұлы*  
*«Bolashaq» Академиясы,*  
*ф.ғ.к. профессор*

## КӨНЕ ТҮРКІ ТІЛІ МЕН ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНДЕГІ ЛЕКСИКАЛЫҚ СӘЙКЕСТІКТЕР

Мақалада Орхон-Енисей ескерткіштері тілінің лексикасы мен қазіргі түркі тілдері арасындағы өзгешеліктер қарастырылған.

**Тірек сөздер:** Орхон-Енисей, ескерткіш, лексика, грамматика, терминдер, түркі тілдері, сына жазуы.

Лексика – тілдің өте құбылмалы қаттауы екені мәлім. Сондықтан Орхон-Енисей ескерткіштері тілінің лексикасы мен қазіргі түркі тілдері арасындағы өзгешеліктердің едәуір болуы заңды. Сөйте тұра сына жазулы көне түркі ескерткіштер тіліндегі жеке сөздердің көпшілігінің мағыналық және тұлғалық бітімі жағынан қазіргі бірқатар түркі тілдеріндегі соның ішінде қазақ тіліндегі сөздермен бірдей түсетіндігі байқалады.

Оларды зерттеушілер:

1/ адамдарға және туыстық қатынастарға байланысты сөздер: ата, қатун, қыз, іні, сіңлі, келін, йегін /жиен /, оғул /ұл /.

2/ табиғат құбылысына қатысты сөздер: йер, тағ, қар, таш, тас, йыл, күн, суб, құм.

3/ әлеуметтік қатынастарға байланысты сөздер: ес, іл, йурт, қан, / хан /, қаған, бек, бай, күң, чығай / кедей /, тәрү /төре, заң /.

4/ әскери лексикаға жататын сөздер: сү / әскер /, шерік / шеру /, уруш, қылыч, сүңгі, оқ.

5/ шаруашылыққа, тұрмысқа қатысты сөздер: бедіз / өрнек /, ағыл / ауыл /, қапығ / қақпа /, еб / ұй /.

6/ жан-жануарлар атаулары: адғыр, ат, буқа, тай, інгек / сиыр /, бөрі, қой, йылқы, йонт / жылқы /, барс, бичін / мешін /.

7/ анатомиялы атаулар: баш, бас, адақ, көз, қаш, құлғақ, йүрек, сач, тіл, од /от /.

8/ заттардың сынын көрсететін сөздер: бедүк – биік, йуйқа - /жұқа/, йоған, йінчке, узун, қалың, улуғ, кічіг[1, 13].

Түпүтке кічіг тегмедім – Тибетке сәл жетпедім, Өзі қысға / өмір сүрді / кергек болты - өзі өмір сүрді, Улуғ күлі Чор секіз он йасап, йоқ болты – Ұлы Күлі Чор сексен жасап, қайтыс болды. Бен өзүм узун йелмег ытты – Менің өзім алысқа шабуыл жасауды ұйғардым. Қағаны алп ерміс – қағаны алып еді.

ә/ заттың сапасын білдіретін сөздер: арығ, арық, едгү, қары, йіг, йаблақ, семіз, тоқ.